«ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АВИАЦИЯЛЫҚ ӘКІМШІЛІГІ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

AVIATION ADMINISTRATION
OF KAZAKHSTAN
JOINT STOCK COMPANY

010000, Қазақстан Республикасы,
Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел д-лы,
55/15 үй, Блок С 2.3

Block 2.3, 55/15 Mangilik El Ave,
010000, Nur-Sultan city,
Republic of Kazakhstan

| БҰЙРЫҚ | ORDER | ПРИКАЗ |
|---|---|---|
| № 0249 | ОД | 12.05.2021г. |
| Қазақстан Республикасы Нұр-Сұлтан қаласы | Nur-Sultan city Republic of Kazakhstan | город Нур-Султан Республика Казахстан |

**Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында ақпараттық және байланыстық технологиялардың сыни авиациялық жүйелерін киберқауіптерден қорғау шараларын енгізу жөніндегі авиациялық қауіпсіздік бойынша Нұсқаулық материалды және авиациялық қауіпсіздік бойынша іс-шараларды Тексеру парағын бекіту туралы**

1) Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында ақпараттық және байланыстық технологиялардың сыни авиациялық жүйелерін киберқауіптерден қорғау қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі № 339-IV «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Заңының 10-2-бабының 17-тармағын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 23 қазандағы № 673 ҚБПҮ Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Азаматтық авиациясының авиациялық қауіпсіздік бағдарламасының 84-1-тармағының 14) тармақшасын басшылыққа ала отырып, сондай-ақ Халықаралық Азаматтық авиация туралы конвенциясының (Чикаго, 1944) 17-қосымшасының «Қауіпсіздік. Халықаралық Азаматтық авиацияны заңсыз араласу актілерінен қорғау» 4-тарауының 4.9-тармағына және «Авиациялық қауіпсіздік жөніндегі басшылығының» 18-тарауына (ИКАО, Doc 8973 12 басылымы) сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса берілген киберқауіпсіздік бойынша құжаттар бекітілсін:

1) Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында ақпараттық және байланыстық технологиялардың сыни авиациялық жүйелерін киберқауіптерден қорғау шараларын енгізу жөніндегі авиациялық қауіпсіздік бойынша Нұсқаулық материал, 1 қосымшаға сәйкес;

2) Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында ақпараттық және байланыстық технологиялардың сыни авиациялық жүйелерін киберқауіптерден қорғау шараларын енгізу жөніндегі авиациялық қауіпсіздік бойынша іс-шараларды тексеру парағы, 2 қосымшаға сәйкес.

2. Бас директордың авиациялық қауіпсіздік жөніндегі орынбасары Д.И. Еспотановқа:

1) «Қазақстанның авиациялық әкімшілігі» АҚ интернет-ресурсында «Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында ақпараттық және байланыстық технологиялардың сыни авиациялық жүйелерін киберқауіптерден қорғау шараларын енгізу жөніндегі авиациялық қауіпсіздік бойынша Нұсқаулық материалды және авиациялық қауіпсіздік бойынша іс-шараларды Тексеру парағын бекіту туралы» бұйрықты орналастыруды қамтамасыз етсін;

2) Қазақстан Республикасының Азаматтық авиация саласындағы пайдаланушыларға Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында ақпараттық және байланыстық технологиялардың сыни авиациялық жүйелерін киберқауіптерден қорғау шараларын енгізу жөніндегі авиациялық қауіпсіздік бойынша Нұсқаулық материалды жеткізуді қамтамасыз етсін;

3) осы бұйрықтың орындалуын бақылау қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Бас директор** **Питер Гриффитс**